

"Астықты экспорттаушыға мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу жөніндегі міндеттемелерді астық экспорттаушының сақтағаны туралы растама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/469 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 143 бұйрығы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Астықты экспорттаушыға мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу жөніндегі міндеттемелерді астық экспорттаушының сақтағаны туралы растама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/469 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11598 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр *А. Мамытбеков*

"КЕЛІСІЛГЕН"

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі*

_____ *Ә. Исекешев*

2016 жылғы 20 сәуір

2016 жылғы 14 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

_____ *Е. Досаев*